

ӘОЖ 378.4

ҒТАМР 14.35.05

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.011>

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПАТРИОТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

***Ошақбаев Ж.Д.¹, Саңғылбаев О.С.²**

***¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан**

²Тұран университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі заманда ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, отаншыл әрі ұлтжанды педагог мамандарды даярлау — қоғамның басты сұраныстарының бірі. Себебі, ұстаз — жас ұрпаққа білім ғана емес, сонымен қатар, тәрбие де беретін, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын негізгі тұлға. Осы мақалада болашақ мұғалімдердің патриоттық сана-сезімін қалыптастыруда проблемалық оқыту технологиясын (Problem-Based Learning – PBL) қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Студенттердің ұлттық құндылықтарға негізделген азаматтық ұстанымын қалыптастыруда проблемалық оқытудың әдістемелік және тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау — осы мақаланың негізгі мақсаты. Зерттеу аясында аталған технологияның патриоттыққа баулудағы тәжірибелік әсері мен практикалық артықшылықтары жан-жақты сараланды.

Ғылыми және практикалық маңыздылығы — проблемалық оқытудың болашақ педагог тұлғасын жан-жақты дамытуға ықпал етуінде. Зерттеу барысында теориялық талдау, сауалнама, педагогикалық жағдаяттарды модельдеу әдістері қолданылды. Авторлық сауалнама негізінде болашақ мұғалімдердің бұл технологияға деген көзқарасы анықталды.

Зерттеу нәтижесінде проблемалық оқыту әдісі студенттердің отансүйгіштік қасиеттерін дамытуда оң нәтиже беретіні дәлелденді. Олар нақты проблемаларды шешу барысында тарихи-мәдени мәні бар контекстермен жұмыс жасап, өз көзқарастарын қалыптастыруға үйренеді.

Мақалада алынған деректер бұл технологияның оқу процесіне сәтті енгізілуі студенттердің кәсіби және патриоттық дамуына тиімді ықпал ететінін көрсетті. Сондықтан проблемалық оқыту — болашақ мұғалімді ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарты ретінде ұсынылады. Сонымен қатар, бұл тәсіл болашақ мамандардың сыни ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытумен қатар, олардың кәсіби мотивациясын арттыруға да зор әсер етеді. Осылайша, проблемалық оқыту технологиясы болашақ педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттырып, оларды қоғам үшін маңызды тұлғаларға айналдыруға бағытталады.

Тірек сөздер: проблемалық оқыту, болашақ мұғалімдер, ұлттық құндылықтар, патриоттық сана-сезім, кәсіби даму, сыни ойлау, тәрбиелік мүмкіндіктер, педагогикалық әдістер

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын қалыптастыру – қоғамның рухани-мәдени дамуына бағытталған басым бағыттардың бірі болып саналады. Мұғалім мамандығына даярланатын жастардың азаматтық жауапкершілігі мен ұлттық құндылықтарға деген құрметін дамыту үшін тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану өзекті міндеттердің қатарына жатады. Осындай әдістердің ішінде проблемалық оқыту технологиясы (Problem-Based Learning, PBL) ерекше назар аудартады, себебі ол студенттердің тұлғалық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Проблемалық оқыту әдісінің негізі ХХ ғасырдың 60-жылдарында Канададағы Макмастер университетінде қаланды. Бұл технологияның авторы – дәрігер әрі педагог Говард Барроуз, ол дәстүрлі оқыту формалары студенттерді нақты өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға жеткілікті деңгейде дайындай алмайтынын байқап, балама тәсіл ұсынды. PBL студенттердің күнделікті өмірмен тығыз байланысты нақты мәселелерді шешу арқылы білім алуына жағдай жасап, олардың талдау, өз бетінше іздену және ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Сонымен бірге, бұл тәсіл студенттердің патриоттық сезімін оятуға, тарихи сананы тереңдетуге және ұлттық-мәдени ерекшеліктерге негізделген дүниетанымды қалыптастыруға оң әсер етеді [1].

Проблемалық оқытуды болашақ мұғалімдерді патриоттық тәрбиеге даярлау процесінде қолданудың маңызы ерекше. Бұл бағытта бірқатар ғалымдар зерттеу жүргізіп, оның тиімділігін дәлелдеген. Мәселен, И. Хлызова, Л. Илларионова және П. Хорменков болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын қалыптастыруда мотивациялық, танымдық, эмоциялық және әрекеттік компоненттердің үйлесімін қамтамасыз ету қажеттігін алға тартады [2]. Ал З. Ошақбайев Қазақстан жағдайында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру үшін жаңартылған білім беру әдістерін енгізудің өзектілігін баса көрсетеді [3].

Д.Ф. Кажумова мен әріптестері мұғалімдерге арналған патриоттық тәрбие бағдарламасын әзірлеп, оның нәтижелілігін тәжірибе арқылы негіздеген [4]. Сондай-ақ, Л. Канишевска әскери-патриоттық тәрбие мәселесінде мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру мақсатында цифрлық ресурстарды қолданудың мүмкіндіктерін қарастырған [5]. Т.Д. Бимаханов бастаған авторлар тобы қазақ халқының дене тәрбиесіне қатысты дәстүрлерін болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын қалыптастыруда тиімді құрал ретінде ұсынады [6], ал Р. Жороева ұлттық болмысты танытуда мұғалімнің рөлі ерекше екенін атап өтеді [10].

Жалпы алғанда, проблемалық оқыту технологиясын болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын дамытуда педагогикалық-психологиялық шарт ретінде қолдану олардың кәсіби әлеуетін арттыруда маңызды құралдардың бірі бола алады.

Проблемалық оқытудың табысты жүзеге асуы бірқатар психологиялық-педагогикалық және дидактикалық ұстанымдарды сақтауға тікелей

байланысты. Бұл технологияның ерекшелігі – студенттің оқу процесіндегі белсенді рөлін қамтамасыз ету мен өз бетімен білім игеруіне жағдай жасауында.

Белсенділік ұстанымы бойынша білім алушы тек тыңдаушы емес, білімді меңгеруге, мәселені шешуге белсене қатысатын тұлға ретінде көрінеді. Ол түрлі жағдаяттарды саралай отырып, ой қорытып, дербес шешім қабылдауға дағдыланады.

Ізденіс ұстанымы студенттің дайын ақпаратты жай қабылдамай, керісінше, қажет мәліметті өзі іздеп тауып, оны талдап, қолдануға үйретеді. Бұл тәсіл зерттеушілік қабілетті шыңдайды.

Топта жұмыс істеу ұстанымы PBL технологиясының маңызды бөлігі болып табылады. Оқу үдерісі шағын топтарда ұйымдастырылғанда, білім алушылар өзара пікір алмасып, ортақ шешімге келуге үйренеді, бұл командалық рухты дамытады.

Білімді біріктіру ұстанымы да аса өзекті. Проблемалық тапсырмалар әдетте әртүрлі пәндерді қамтитын болғандықтан, студенттер бірнеше саладағы білімді қатар қолдануға машықтанады. Бұл олардың тұтас ойлау қабілетін арттырады.


Рефлексия ұстанымы бойынша оқу соңында студент өз іс-әрекетіне талдау жасайды. Ол не үйренгенін, қандай қиындықтармен бетпе-бет келгенін және қандай жетістіктерге жеткенін сараптайды. Мұндай ішкі талдау өзін-өзі жетілдіруге жол ашады.

Мотивациялық ұстаным – проблемалық оқытудың маңызды тетігі. Студентке таныс әрі өмірмен байланысты мәселелерді қарастыру оқу процесін қызықты әрі мәнді етеді.

Жауапкершілік ұстанымы да назардан тыс қалмайды. Студент қабылдаған шешімдері мен атқарған әрекеттері үшін жауап беруге дағдыланады. Бұл оның кәсіби және тұлғалық жауапкершілігін қалыптастырады.

Практикалық бағыттылық ұстанымы оқыту барысында алынған білімді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдануға бағыттайды. Мұндай тәсіл теория мен тәжірибенің үйлесімін қамтамасыз етеді.

PBL студенттің білім алу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оны шынайы өмірмен байланыстыра отырып, зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған [7]. Проблемалық оқытудың кезеңдері құрылымдық жағынан бірізді және әрқайсысы өзара тығыз байланысты (Сурет – 1).



Сурет 1 - Проблемалық оқыту технологиясының моделі

1. *Мәселе қою.* Оқу материалы нақты өмірлік жағдайға негізделген күрделі әрі мазмұнды тапсырма арқылы ұсынылады. Мұндай мәселе білім алушыны қызықтыруы және ұзақ уақыт бойы зерттеу жүргізуге ынталандыруы қажет.

2. *Алдын ала білімді анықтау.* Студенттердің бұрыннан білетінін анықтап, оларды жаңа білімге даярлау – маңызды қадам. Бұл кезеңде алдыңғы тәжірибе мен түсініктер өзектендіріледі.

3. *Қажетті ақпаратты белгілеу.* Оқушы қандай білімнің жетіспейтінін түсініп, «Мен нені білуім керек?» деген сұраққа жауап іздей бастайды. Бұл кезең ізденістің бастамасы ретінде қызмет атқарады.

4. *Ақпаратты іздеу және зерттеу.* Білім алушы интернеттен мәлімет іздеп, бейнематериалдар қарап, мамандармен байланысқа шығып, мәтіндермен немесе түрлі көздермен жұмыс істейді. Мұнда зерттеу қабілеті дамиды.

5. *Сын тұрғысынан бағалау.* Жиналған ақпаратты талдап, оның дұрыстығын, маңыздылығын және сенімділігін бағалау маңызды. Бұл кезеңде студент тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны сұрыптаушы, бағалаушы рөлін атқарады.

6. *Ой елегінен өткізу және салыстыру.* Алынған жаңа білім мен бастапқы түсініктер салыстырылады. Студент өзіндік өзгерісті байқап, ойлау жүйесіндегі алға жылжуды сезінеді.

7. *Шешімді ұсыну.* Жұмыстың нәтижесі көп жағдайда презентация, жазбаша жұмыс, бейнежоба немесе графикалық материал түрінде ұсынылады. Бұл студенттің өзіндік көзқарасын білдіруге, ойын жүйелі жеткізуге көмектеседі.

8. *Бағалау.* Соңында студенттің оқу процесіндегі жетістіктері бағаланады. Бұл кезеңде тек нәтиже ғана емес, жалпы оқу барысындағы жетістік пен прогресс те назарға алынады.

Проблемалық оқыту әдісі – студентті дайын ақпаратты қабылдаушыдан мәселені шешуші тұлғаға айналдыратын құрал. Бұл тәсіл оқытуды өмірмен байланыстырып, болашақ мамандардың практикалық қабілеттерін, өздігінен ойлау дағдыларын дамытудың тиімді жолы болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын қалыптастыруда проблемалық оқыту (Problem-Based Learning, PBL) технологиясының ықпалын анықтау көзделді. Осы мақсатта арнайы дайындалған авторлық сауалнама қолданылды. Сауалнамада студенттердің аталған технологияға деген көзқарасын, оның оқу үдерісіне және патриоттық қасиеттердің дамуына әсерін зерделеуге бағытталған 5 сұрақ енгізілді.

Зерттеуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 4 курсында оқитын «Педагогика және психология» мамандығының 32 студенті қатысты. Қатысушылардың жауаптары олардың оқу барысында патриоттық ұстанымдарды қалай қабылдайтынын, проблемалық жағдаяттарды шешу кезінде ұлттық құндылықтарға қаншалықты мән беретінін байқауға мүмкіндік берді.


Жинақталған мәліметтерді өңдеу және талдау үшін Microsoft Excel бағдарламасы пайдаланылып, студенттердің жауаптары сандық көрсеткіштерге айналдырылып, кестелік және диаграммалық түрде ұсынылды. Осы арқылы проблемалық оқыту технологиясының патриоттық тәрбиелеу үдерісіне ықпал ету дәрежесі анықталды.

Нәтижелер

Эмпириялық зерттеу жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алып жатқан 4 курс студенттерінің қатысуымен жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 32 студент жауап берді. Зерттеудің негізгі мақсаты – проблемалық оқыту (PBL) технологиясының болашақ мұғалімдердің патриоттық көзқарастары мен ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына әсерін анықтау болатын.


Сауалнаманың бірінші сұрағы ретінде «Проблемалық оқыту технологиясы патриоттық тәрбие беруде тиімді деп санайсыз ба?» деген сауал қойылды. Бұл сұраққа жауап бергендердің басым бөлігі – 72%-ы, әдісті қолайлы әрі мазмұнды деп бағалады. Ал 19% студент нақты көзқарас білдірмей, бейтарап пікір ұстанғанын көрсетті. Қалған 9%-ы бұл

технологияның патриоттық тәрбиеге ықпалы шектеулі деп есептейтінін білдірді (сурет 2).




Сурет 2 – Студенттердің проблемалық оқыту технологиясына деген көзқарастарының пайыздық көрсеткіші

Сауалнаманың келесі сұрағы: «Проблемалық оқыту технологиясы сіздің ұлттық құндылықтарға деген көзқарасыңызға ықпал етті ме?» – деген мазмұнды қамтыды. Бұл сұраққа жауап берген студенттердің 63%-ы проблемалық оқытудың тарихи-мәдени танымды тереңдетуге және ұлттық сана-сезімді арттыруға оң әсер еткенін айтты. 28%-ы белгілі бір өзгерістердің болғанын, алайда нақты әсерін бағалау қиын екенін жеткізді. Ал қалған 9%-ы өз көзқарасында айтарлықтай өзгерістер байқалмағанын атап өтті (сурет 3).




Сурет 3 – Проблемалық оқыту технологиясының білім алушылардың ұлттық құндылықтарға көзқарасына әсері жөніндегі нәтижелері

Сауалнаманың үшінші сұрағы «Проблемалық оқыту технологиясы сіздің кәсіби бағдар мен мұғалім мамандығына деген қызығушылығыңызға ықпал етті ме?» деген бағытта қойылды. Бұл сұраққа жауап берген студенттердің 58%-ы бұл әдіс олардың мұғалім болуға деген ынтасын арттырып, мамандыққа жауапкершілікпен қарауға итермелегенін атап өтті. Тағы 31%-ы проблемалық оқытудың оң тұстарын байқағанымен, кәсіби көзқарастарында түбегейлі өзгеріс болмағанын білдірді. Ал қалған 11%-ы бұл технологияның олардың кәсіби ниетіне нақты әсер етпегенін жеткізді (сурет 4).




Сурет 4 – Проблемалық оқыту технологиясының кәсіби мотивация мен мұғалімдік мамандыққа қызығушылыққа ықпалы

Сауалнаманың төртінші сұрағы: «Проблемалық оқыту технологиясын қолдану барысында қандай қиындықтарға жиі тап болдыңыз?» – деген мазмұнда қойылды. Студенттердің 26%-ы ұсынылған мәселені дұрыс түсінуде қиындық болғанын айтса, 22%-ы ақпарат көздерін табу мен сараптауда кедергілерге кезіккенін көрсетті. Тағы 20% студент топтық жұмыста ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі немесе келісімсіздік сияқты жағдайларды атап өтті. 18%-ы тапсырмаларды орындау кезінде уақытты тиімді жоспарлай алмағанын айтқан. Сонымен қатар, 10% білім алушы патриоттық тақырыпқа деген қызығушылықтың төмендігін мойындаса, қалған 4% студент оқыту барысында ешқандай қиындық сезінбегенін мәлімдеді (сурет 5).



Сурет 5 – Проблемалық оқыту технологиясын қолдану барысында студенттер тап болған қиындықтардың пайыздық көрсеткіші

Сауалнама аясында студенттерге «Проблемалық оқыту технологиясы болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын қалыптастыруда тиімді деп есептейсіз бе?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың нәтижесіне сүйенсек, қатысушылардың басым бөлігі – 47%-ы бұл пікірмен толығымен келісетінін мәлімдеген. Тағы 25%-ы аталған технологияның тиімді екенін қолдаса, 14%-ы бұл жөнінде нақты шешімге келе алмағанын, яғни күмәні бар екенін білдірді. Сонымен қатар, 12%-ы бұл тәсілдің патриоттық тәрбие беру үдерісінде жеткілікті нәтиже бере алмайтынын алға тартты. Ал 2% студент бұл технологияға мүлде қарсы екенін көрсетті (сурет 6).



Сурет 6 – Студенттердің проблемалық оқыту технологиясының патриоттық сана қалыптастырудағы тиімділігіне қатысты көзқарастары

Жүргізілген зерттеу нәтижелері студенттердің көпшілігі проблемалық оқыту технологиясын оқу процесінде тиімді құрал ретінде қабылдайтынын көрсетті. Бұл әдіс білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтар мен азаматтық

жауапкершілікке қатысты көзқарастарына да оң ықпал ететіні байқалды. Проблемалық жағдаяттар арқылы жұмыс істеу студенттерді өз ойымен бөлісуге, жауапкершілік алуға және шешім қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл болашақ мұғалімдерге кәсіби тұрғыдан бағыт-бағдар беріп, патриоттық сана-сезімінің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызатыны айқындалды.

Талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері проблемалық оқыту технологиясының болашақ мұғалімдердің патриоттық сана-сезімін қалыптастыруда белгілі бір деңгейде әсері бар екенін көрсетті. Студенттердің көпшілігі бұл әдісті оқу үдерісінде қолдануға болатын мазмұнды әрі тәрбиелік маңызы бар тәсіл ретінде бағалады.

Сауалнама қорытындыларына қарағанда, қатысушылардың 72%-ы проблемалық оқытудың патриоттық тәрбие беру ісінде тиімділігін мойындаған. Бұл олардың ұлттық құндылықтар мен тарихи тақырыптар төңірегінде ой қозғауға, өзіндік пікір қалыптастыруға ынталы екенін білдіреді. Мұндай тәсіл білім алушының ішкі мотивациясын оятып, азаматтық ұстанымының нығаюына ықпал етеді.

Сондай-ақ, студенттердің 63%-ы проблемалық жағдаяттарды талқылау барысында ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарының өзгергенін атап өткен. Бұл, өз кезегінде, оқыту процесінің тек ақпарат берумен шектелмей, тәрбиелік ықпалға да жол ашатынын көрсетеді.

Мамандыққа деген қызығушылық пен кәсіби ынтаның артуы да зерттеу барысында байқалды. Студенттердің 58%-ы проблемалық тапсырмалармен жұмыс істеу олардың мұғалімдік мамандыққа деген оң көзқарасын қалыптастырғанын айтты. Мұндай тәжірибе студенттің болашақ кәсіби рөлін ерте сезініп, жауапкершілікті қабылдауына себеп болған болуы мүмкін.

Алайда зерттеу барысында кейбір қиындықтар да тіркелді. Респонденттердің бір бөлігі (26%) ұсынылған тапсырмалардың мазмұнын түсінуде, ал тағы 22%-ы қажетті ақпаратты іздеу барысында белгілі бір кедергілерге жолыққанын жеткізді. Бұл проблемалық оқытудың тиімді жүзеге асуы үшін студенттерге әдістемелік қолдау мен бағыт қажет екенін көрсетеді.

Мысалы, Khlyzova, Ilarionova және Khromenkov (2020) өз еңбектерінде университет деңгейінде патриоттық тәрбие беру жүйесінің мотивациялық, танымдық және әрекеттік құрамдас бөліктерді қамтуы қажет екенін атап өтеді. Олар азаматтық жауапкершілікті дамыту үшін мұндай тәсілдің кешенді түрде қолданылуы маңызды деп есептейді [8].

Д.Ф. Кажумова және әріптестері (2016) патриоттық тәрбиенің мазмұнын тәжірибеге негізделген арнайы бағдарлама арқылы іске асырып, оның тиімділігін эксперимент арқылы растаған. Авторлар мұндай жұмыс түрлері студенттердің ұлттық болмысты қабылдауына және тәрбиелік құндылықтарды сіңіруіне ықпал етеді деген қорытындыға келген [9].

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, авторлар мұндай дайындықтың болашақ педагогтерге мектеп оқушыларының зерттеу және жобалық жұмысын тиімді ұйымдастыруға, кәсіби тәжірибесін үнемі жетілдіріп отыруға, сондай-ақ ғылыми бағытта өзін дамытуға жол ашатынын атап өтеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің зерттеушілік дағдылары ұлттық тәрбие мен патриоттық сана қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анықталған. Өйткені бұл тәсіл студенттерді білім беру үдерісіне белсенді әрі саналы түрде қатысуға, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге және ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға баулиды [10].

Ал Л. Канишевска (2024) мұғалімдердің патриоттық тәрбиеге қатысты дайындық деңгейін саралай отырып, бұл салада бірқатар қиындықтардың бар екенін көрсеткен. Зерттеуші мұндай жағдайды еңсеру үшін интерактивті әдістер мен заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың маңыздылығын ұсынады [11].

Жоғарыда аталған зерттеушілердің тұжырымдары осы жұмыста алынған нәтижелермен үйлесіп, проблемалық оқытудың болашақ мұғалімдердің патриоттық сана-сезімін дамытуда маңызды рөл атқаратынын айқын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер проблемалық оқыту технологиясының тәрбиелік және тұлғалық дамуға ықпал ететін тиімді әдіс екенін дәлелдейді. Бұл тәсіл білім беру мен тәрбие үрдісін өзара байланыстыра отырып, болашақ мұғалімдердің ұлттық сана-сезімі мен кәсіби дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу барысында проблемалық оқыту технологиясының болашақ мұғалімдердің патриоттық сана-сезімін дамытуда маңызы жоғары екені айқындалды. Бұл әдіс студенттердің тек теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, оларды ұлттық құндылықтарды түсінуге және құрметтеуге жетелейді. Зерттеуге қатысушылардың басым бөлігі проблемалық жағдаяттармен жұмыс істеу барысында елжандылық сезімдерінің артқанын және тарихи-мәдени мәселелерге бейімділігінің күшейгенін атап өтті.

Проблемалық оқыту студенттерді өмірмен байланысты нақты жағдайларда ойлануға, жауапты шешім қабылдауға және топпен әрекет етуге бағыттайды. Мұндай тәсіл болашақ педагогтің кәсіби және азаматтық ұстанымын қалыптастыруда өз тиімділігін көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер білім алушылардың бұл технологияға оң көзқараста екенін және оның кәсіби қызығушылықты арттыратынын көрсетті. PBL әдісі студенттердің рефлексия жасау, өз әрекетіне талдау жүргізу және практикалық дағдыларын жетілдіру қабілеттеріне оң әсер етеді.

Жалпы алғанда, проблемалық оқыту технологиясын мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне кеңінен енгізу – оларды заманауи білім беру талаптарына сай тәрбиелеудің маңызды тетіктерінің бірі. Бұл тәсіл

патриоттық құндылықтарды бойына сіңірген, жауапты әрі шығармашыл мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1]Mi, Z., Zhang, D. Origin and development of problem-based learning // Chinese Journal of Medical Education. – 2019. – Vol. 39. – P. 430–436.

[2]Khlyzova I., Illarionova L., Khromenkov P. Patriotic education of future teachers in a university // E3S Web of Conferences. – 2020. – №210.

[3]Oshakbayev Z. Rethinking of the Problem of Patriotic Competence Development in Pedagogical Higher Educational Institutions // International Journal of Environmental and Science Education. – 2020. – Vol. 12. – P. 846–854.

[4]Kajumova D.F., Khasanova O., Khripkova D.I., Sadykova A., Sharipova A.V., Vildanova E., Zaichenko M.A., Ziatdinova J.N. The Research of the Effectiveness of the Program on Formation of Patriotic Qualities of Pupils // International Review of Management and Marketing. – 2016. – Vol. 6. – P. 155–160.

[5]Kanishevskaya L. Studying teachers' readiness for implementing the problem of military-patriotic education among high school students // Scientific Journal of National Pedagogical Dragomanov University. Series 15. – 2024. – №3(176).

[6]Bimakhanov T.D., Ibragimov G.I., Bulatbaeva K., Murzabekov M.K., Kuatbekov Sh.N. Traditions of Human Physical Development in Kazakh National Pedagogy as a Means of Patriotic Education of Future Teachers // Revista ESPACIOS. – 2018. – Vol. 39.

[7]Zhoroeva R. Some Aspects of Patriotic Education of Future Teachers // Bulletin of Science and Practice. – 2025. – №110.

[8]Исмазова Нигина Баходировна Технология развития профессиональных интересов будущих преподавателей посредством интеграции педагогических циклов // Научный журнал. - 2020. - №9 (54).

[9]Khlyzova I., Illarionova L., Khromenkov P. Patriotic education of future teachers in a university // E3S Web of Conferences. – 2020. – Vol. 210. – Art. no. 18118.

[10]Kajumova D.F., Khasanova O., Khripkova D.I. The Research of the Effectiveness of the Program on Formation of Patriotic Qualities of Pupils // International Review of Management and Marketing. – 2016. – Vol. 6, No. 2. – P. 155–160.

[11]Кучумова Г., Сарсенбаева А., Мухамеджанова Д. Исследовательски-ориентированное педагогическое образование в Казахстане: цели, реализация и проблемы // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия: Педагогические науки. – 2025. – №1 (76). – С. 126–150. –

[12]Kanishevskaya L. Studying teachers' readiness for implementing the problem of military-patriotic education among high school students // Scientific Journal of National Pedagogical Dragomanov University. Series 15. – 2024. – Vol. 3(176). – P. 236–240.

REFERENCES

- [1]Mi, Z., Zhang, D. Origin and development of problem-based learning // Chinese Journal of Medical Education. – 2019. – Vol. 39. – P. 430–436.
- [2]Khlyzova I., Illarionova L., Khromenkov P. Patriotic education of future teachers in a university // E3S Web of Conferences. – 2020. – №210.
- [3]Oshakbayev Z. Rethinking of the Problem of Patriotic Competence Development in Pedagogical Higher Educational Institutions // International Journal of Environmental and Science Education. – 2020. – Vol. 12. – P. 846–854.
- [4]Kajumova D.F., Khasanova O., Khripkova D.I., Sadykova A., Sharipova A.V., Vildanova E., Zaichenko M.A., Ziatdinova J.N. The Research of the Effectiveness of the Program on Formation of Patriotic Qualities of Pupils // International Review of Management and Marketing. – 2016. – Vol. 6. – P. 155–160.
- [5]Kanishevskaya L. Studying teachers' readiness for implementing the problem of military-patriotic education among high school students // Scientific Journal of National Pedagogical Dragomanov University. Series 15. – 2024. – №3(176).
- [6]Bimakhanov T.D., Ibragimov G.I., Bulatbaeva K., Murzabekov M.K., Kuatbekov Sh.N. Traditions of Human Physical Development in Kazakh National Pedagogy as a Means of Patriotic Education of Future Teachers // Revista ESPACIOS. – 2018. – Vol. 39.
- [7]Zhoroeva R. Some Aspects of Patriotic Education of Future Teachers // Bulletin of Science and Practice. – 2025. – №110.
- [8]Ismatova Nigina Bakhodirovna Tekhnologiyarazvitiyaprofessional'nykh interesov budushchikh prepodavateley posredstvom integratsii pedagogicheskikh tsiklov (Technology of developing professional interests of future teachers through the integration of pedagogical cycles) // Nauchnyy zhurnal. - 2020. - №9 (54). [in Rus]
- [9]Khlyzova I., Illarionova L., Khromenkov P. Patriotic education of future teachers in a university // E3S Web of Conferences. – 2020. – Vol. 210. – Art. no. 18118.
- [10]Kajumova D.F., Khasanova O., Khripkova D.I. The Research of the Effectiveness of the Program on Formation of Patriotic Qualities of Pupils // International Review of Management and Marketing. – 2016. – Vol. 6, No. 2. – P. 155–160.
- [11]Kuchumova G., Sarsenbayeva A., Mukhamedzhanova D. Issledovatel'ski-orientirovannoe pedagogicheskoe obrazovanie v Kazakhstane: tseli, realizatsiya i problem (Research-oriented teacher education in Kazakhstan: goals, implementation and challenges) // Izvestiya KazUMOiMY im. Abilay Khana. Seriya: Pedagogicheskie nauki. – 2025. – №1 (76). – S. 126–150.
- [12]Kanishevskaya L. Studying teachers' readiness for implementing the problem of military-patriotic education among high school students // Scientific Journal of National Pedagogical Dragomanov University. Series 15. – 2024. – Vol. 3(176). – P. 236–240.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ КАК ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

*Ошакбаев Ж.Д.¹, Сангилбаев О.С.²

^{*1}КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

²Университет Туран, Алматы, Казахстан

Аннотация. Подготовка патриотичных и национализированных педагогических кадров, с развитым национальным сознанием в наше время, является одним из главных запросов общества. Ведь учитель-ключевая фигура, которая дает молодому поколению не только знания, но и воспитание, пропагандирует национальные ценности. В данной статье рассматривается эффективность применения технологии проблемного обучения (Problem-Based Learning-PBL) в формировании патриотического сознания будущих учителей.

Выявление методических и воспитательных возможностей проблемного обучения в формировании гражданской позиции студентов, основанной на национальных ценностях – основная цель данной статьи. В рамках исследования было всесторонне проанализировано практическое влияние и практические преимущества данной технологии в патриотическом обучении.

Научная и практическая значимость заключается в том, что проблемное обучение способствует всестороннему развитию личности будущего педагога. В ходе исследования были использованы методы теоретического анализа, анкетирования, моделирования педагогических ситуаций. На основе авторского опроса было определено отношение будущих учителей к этой технологии.

В результате исследования доказано, что проблемный метод обучения дает положительные результаты в развитии патриотических качеств студентов. Они учатся формулировать свои взгляды, работая с контекстами, имеющими историко-культурное значение, в процессе решения конкретных проблем.

Данные, полученные в статье, показали, что успешное внедрение данной технологии в учебный процесс эффективно способствует профессиональному и патриотическому развитию студентов. Поэтому проблемное обучение представляется как важнейшее педагогическое условие воспитания будущего учителя в духе национальных ценностей. Кроме того, этот подход оказывает огромное влияние не только на развитие способности будущих специалистов к критическому мышлению, анализу и принятию решений, но и на повышение их профессиональной мотивации. Таким образом, технология проблемного обучения будет направлена на повышение профессионального мастерства будущих педагогов и превращение их в значимых для общества личностей.

Ключевые слова: проблемное обучение, будущие учителя, национальные ценности, патриотическое сознание, профессиональное развитие, критическое мышление, воспитательные возможности, педагогические методы

THE USE OF PROBLEM-BASED LEARNING TECHNOLOGY AS A PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL CONDITION FOR SHAPING THE PATRIOTIC CONSCIOUSNESS OF FUTURE TEACHERS

*Oshakbaev Zh.D.¹, Sangilbaev O.S.²

^{*1}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Turan University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The training of patriotic and nationalized teaching staff, with a developed national consciousness in our time, is one of the main demands of society. After all, a teacher is a key figure who gives the younger generation not only knowledge, but also education, and promotes national values. This article examines the effectiveness of Problem-Based Learning (PBL) technology in shaping the patriotic consciousness of future teachers.

The main purpose of this article is to identify the methodological and educational possibilities of problem-based learning in the formation of students' citizenship based on national values. The study comprehensively analyzed the practical impact and practical advantages of this technology in patriotic education.

The scientific and practical significance lies in the fact that problem-based learning contributes to the comprehensive development of the personality of the future teacher. In the course of the research, methods of theoretical analysis, questionnaires, and modeling of pedagogical situations were used. Based on the author's survey, the attitude of future teachers to this technology was determined.

As a result of the research, it is proved that the problem-based teaching method gives positive results in the development of students' patriotic qualities. They learn to formulate their views by working with contexts of historical and cultural significance in the process of solving specific problems.

The data obtained in the article showed that the successful implementation of this technology in the educational process effectively contributes to the professional and patriotic development of students. Therefore, problem-based learning is presented as the most important pedagogical condition for educating a future teacher in the spirit of national values. In addition, this approach has a huge impact not only on developing the ability of future specialists to think critically, analyze and make decisions, but also on increasing their professional motivation. Thus, the technology of problem-based learning will be aimed at improving the professional skills of future teachers and turning them into socially significant personalities.

Key words: problem-based learning, future teachers, national values, patriotic consciousness, professional development, critical thinking, educational opportunities, pedagogical methods

Авторлар туралы мәліметтер:

Ошакбаев Жанболат Донбайұлы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, zhanbolat.oshakbaev88@mail.ru

Саңғылбаев Оспан Сейдуллаұлы – Психология ғылымдарының докторы, профессор, Тұран университеті, ospan_seidulla@mail.ru

Information about authors:

Oshakbaev Zhanbolat Donbayevich - doctoral student of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, zhanbolat.oshakbaev88@mail.ru

Ospan Seydullaevich Sangilbaev - Doctor of Psychology, Professor, University of Turan, ospan_seidulla@mail.ru

Информация об авторах:

Ошакбаев Жанболат Донбаевич - докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, zhanbolat.oshakbaev88@mail.ru

Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич - доктор психологических наук, профессор, Университет Туран, ospan_seidulla@mail.ru

Мақала түсті: 13 сәуір 2025